

ФИТОЛИЗИН PRENATAL

Тағамдық биологиялық белсенді қоспаны қолдану жөніндегі нұсқаулық.

ФИТОЛИЗИН PRENATAL - тағамға биологиялық белсенді қоспа, проантоцианидтер мен С дәруменінің қосымша көзі болып табылады.

Шығарылым түрі: массасы 840 мг жұмсақ капсулалар.

Құрамы: орта тізбекті триглицеридтер; ірі жемісті мүкжидек жемістерінің сығындысы

(25:1); капсуланың қабыршағы (тағамдық (шошқа) желатин, глицерол (ылғалұстағыш агент), тазартылған су, титан диоксиды (E171) (бояғыш), темір оксиды қызыл (E172) (бояғыш)); соя лецитины (эмульгатор); L-аскорбин қышқылы; коллоидты кремний диоксиды (E551) (тұрақтандырғыш).

Биологиялық белсенді заттар	Тәуліктік дозадағы құрамы (1-3 капсула), мг	Тәулігіне пайдалану деңгейінің %
Проантоцианидиндер	5,5-16,5	5,5-16,5**
Витамин С	не более 20-60	не более 33,3-100*

* - ТР ТС 022/2011 «Таңбалау бөлігіндегі тағамдық өнім» сәйкес кеңес берілген тәуліктік пайдалану деңгейінен

** - «Санитарлы-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай санитарлы-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға» (Тарау II, бөлім 1, Қосымша 5) сәйкес адекватты тәуліктік пайдалану деңгейінен

Қолданылу саласы

Тағамға биологиялық белсенді қоспа - проантоцианидтер мен С дәруменінің қосымша

көзі ретінде. Проантоцианидиндердің қамтылуы бойынша стандартталған ірі жемісті мүкжидек жемістерінің сығындысы (*Vaccinium macrocarpon*) (25:1), несеп шығару жолдарынан *E. Coli* бактериясының эламинациясын жеңілдету жолымен несеп шығару жүйесінің қызмет етуін жақсартуға әсерін тигізеді.

Пайдалану бойынша ұсыныстар:

Ересектер алғашқы үш күнде 1 капсуладан күніне үш рет ас қабылдау кезінде, кейіннен

күніне 1 капсуладан қабылдайды. Қабылдау ұзақтығы 2 аптадан 4 аптаға дейін. Қажет жағдайда дәрігердің нұсқауы бойынша қайта қабылдауға болады. Жүктілік кезінде қолдану: дәрігердің нұсқауы бойынша мүмкін.

Тағамдық биологиялық белсенді қоспа. Дәрілік зат емес.

Қарсы көрсетілімдері

Соя мен ББҚ-ның басқа компоненттерін жеке-дара көтере алмау.

Қолданар алдында дәрігердің кеңесін алу қажет.

Өзара әрекеттесуі

Дәрілік заттармен немесе тағамдық өнімдермен үйлесімсіздігі туралы мәліметтер жоқ.

Сақтау шарттары

Түпнұсқалы қаптамасында құрғақ, тікелей күн сәулесінен қорғалған, 259С аспайтын температурада сақтау қажет. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

Жарамдылық мерзімі

2 жыл. Қаптамада көрсетілген жарамдылық аяқталғаннан соң пайдалануға болмайды.

Қаптамасы

Блистерде 12 жұмсақ капсуладан. 1,2,3 немесе 5 блистерден қосымша парақпен бірге картонды қаптамаға салады.

Босатылу шарттары

Дәріханалық желі мен мамандандырылған дүкендер, сауда желісінің бөлімшелері арқылы.

Мемлекеттік тіркеу куәлігі № KZ.16.01.98.003.E.001353.01.17, 06.01.2017

Өндіруші:

Медана Фарма Акционерлік Қоғамы

98-200 Серадз, В. Локетка көшесі, 10, Польша

(өндіріс мекен-жайы: 98-200 Серадз, Польская Организация Войсковая көш., 57, Польша)

Тұтынушылардан наразылықтарды қабылдауға уәкілетті ұйым/ Импорттаушы:

«Химфарм» АҚ, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., Рашидов көш.. 81.

Телефон нөмірі --7 7252 (561342) Факс нөмірі --7 7252 (561342)

электронды пошта мекен-жайы infomed@santo.kz